

Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 009 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Байғанин аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байғанин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 03 маусымдағы № 125 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4399 болып тіркелген, 2015 жылдың 15 шілдеде аудандық "Жем Сағыз " газетінде және 2015 жылдың 14 шілдесінде "Әділет" АҚЖ-де жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ж. Абитовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған кезінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Аққағазов